



Касимова Айну́р Дуке́нбаевна
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қайнар ауылы
“А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектеп” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын арттыру

Тез оқу техникасы дегеніміз не және не үшін қажет? Жалпы оқу сапасын арттыру үшін жай шапшаң оқу керек па? Осы сұрақтарға жауап беріп көрейік. Расында жылдам оқу дегеніміз тез игеру, тез түсіну, тез ұғыну ұғымдарымен тығыз байланысты болып келеді. Оқу жылдамдығы дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Мәтін көлемі – бет, сөз, буын түрінде анықталады. Оқымысты адам дегеніміздің өзі – жылдам тез оқи алатын, әртүрлі ақпараттарды тез игере алатын адам.

Бастауыш сыныптарында ана тілі пәні – балалардың негізгі құралы. Ал сауат ашу - оқуға үйрету кезеңі. Бастауыш сынып оқушылары төрт жылдың ішінде тек қана оқу процесінің алғашқы қадамдарын ғана игереді. Дегенменде шапшаң оқуға балаларды 1-сыныптан бастап баулыған дұрыс. Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала өз сыныптастарына қарағанда үй тапсырмаларын орындау кезінде оқып-түсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды. Сосын ол баланың оқуға деген ынтасы төмендейді. Нәтижесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық күйзеліске ұшырап, оқуға мүлдем құлқы болмайды. Оқушы үлгерімінде соның ішінде ең күшті орын алатыны — баланың оқу жылдамдығы. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен — өзі төмендейді, үлгермейді. Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл — ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу — үлкен еңбектің жемісі.

Мен өзімнің тәжірибеменен айтар болсам, оқушы үлгерімінің негізгі факторы — оқу жылдамдығы болғандықтан мен сабағымда әрқашан оқушыларымның оқу жылдамдығын жиі тексеріп отырамын.

Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс, сөздерді бұзбай, сөз қалдырмай, сөз аяғын жеп қоймай, әрбір сөзді дұрыс, анық оқуларын қадағалаймын. Мәнерлеп оқуды үйретуде паузалардың орындалуына мән беремін. Мысалы: тыныс белгілеріне байланысты және тыныс белгісіне байланыссыз паузалар да ескеріп отырамын. Оқуға үйретуге мынадай негізгі талаптарды қоямын: дауыстап анық оқу, мәнерлеп және іштей оқу, сөздің мағынасына назар аудару, сөйлемдер арасындағы байланысты түсіну, мәтін мағынасын түсініп, айтып беру т.б.

Қазір тексеріліп жүрген оқушылардың оқу жылдамдылықтарында оқушыларға берілген мәтінді 1 минут ішінде неғұрлым көп оқып шығу деген ұғым қалыптасып қалғандай.

Сосын оқушылары арасында сен «жақсы оқисың» немесе «жаман оқисың» деген сөздер пайда болып жатады. Сөйтіп оқушылар жылдам оқу үшін өздерінің алдындағы мәтінді белгілі бір уақыттың ішінде тез суылдатып оқып шығу керек деп ойлайды. Сөйтіп не мәтіннің мазмұнын, не мәтіннің тіліне, не кейіпкерлер бейнесіне мән бермей зуылдатып оқып шығады. Егер тез, жылдам оқыса, түсініксіз, әрі құлаққа жағымсыз естіледі.

Содан, оқылған шығарманың мазмұны ашылмай оқушыларда түсінбеушілік туындайды. Сол себепті де көркем шығармаларды ерекше дауыс ырғағына, екпініне қарай мәнерлеп оқып, негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, көңіл-күйін дәл бейнелейтін сөздер мен сөз тізбектерін дара-лап оқу өкінішке орай жүзеге аспайды.

Сондықтан, мен оқу машығын қалыптастыру мақсатында – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруіне мән беремін. Сол үшін мәтінді оқытқанда баланың әрбір сөзді дұрыс анық оқуын үнемі қадағалап отырамын. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді. Жылдам оқудың алғы шарты орындалады. Осыдан жылдам оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен өте тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтінді оқушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді.

Өз тәжірибеде оқу жылдамдығын арттыруда қолданып жүрген тәсілдермен бөліскім келеді. 1.2-3-сыныптарда жылдам мәнерлеп оқуда оқушылар бірінің қатесін екіншісіне тапқызу тәсілі өте тиімді.

2.Таспаға жазылап алынған көркем сөзді тыңдату, кейде жақсы мәнерлеп оқылған мен нашар оқылған мәтінді қатар жазып алып салыстырту

3. Әңгіме, ертегі, мысалдарды рөлге бөліп оқыту;